

Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК қызметінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау ХАТТАМАСЫ

Тараз қаласы

«21» 06 2026 ж.

Төрағалық етуші:

Жұмыс тобының жетекшісі - директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Қуанышбекова Л.Т.

Қатысқандар:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі- СЖТІТ)жүргізу жөніндегі жұмыс тобының мүшелері.

Күн тәртібі:

1. Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін талқылау.

Қарастырылған мәселе бойынша Кәсіпорынның комплаенс-офицері Т.Н.Нышанбеков сөз сөйледі: 2026 жылдың маусым айының 1мен 30 жұлдызы аралығында жұмыс тобы «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК-ның қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді. Ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

- кадр бөлімі, жұмысқа қабылдау және шығару барысын бақылау мен қадағалау бойынша;
- мемлекеттік сатып алуды жүргізу қызметі (2025 жылдың 01 қаңтарымен 31 желтоқсан аралығы);
- есеп бөлімі (2025 жылдың 01 қаңтарымен 31 желтоқсан аралығы)
- оқу бөлімі жұмыстары 2024-2025 оқу жылы аралығы

Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау және бағалау Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2024 жылғы 31 желтоқсандағы № 285 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізілді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және алдын алу» № 4 ҮББ жобаларын орындау бойынша нұсқаулыққа сәйкес, СЖТІТ нәтижелерін жария талқылауды жүргізу қажет. Қоғамдық талқылауға барлық мүдделі тұлғалар қатыса алады.

2026 жылғы 21 мамырда «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК-ның ресми сайтында СЖТІТ нәтижелерін жария талқылауды бастау туралы ақпарат орналастырылды.

Бұл ретте жұртшылық, сондай-ақ басқа да азаматтар тарапынан ішкі талдау мен «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК-ның қызметіне қатысты ұсыныстар түспегенін атап өту қажет.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау:

- объективтілік;
- сенімділік;
- ашықтық;
- жан-жақтылық қағидаттарына сай жүргізілді.

«Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК-ның қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдауды жүргізу рәсімі ереже бұзусыз өткізілді.


Жұмыс тобының басшысы:

Директордың оқу-тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары



Куанышбекова Л.Т.

Комплаенс офицер



Нышанбеков Т.Н.